
«Бекітемін»
№5 мектеп-лицей директоры
Р.Мұхашова
« 29 » тамыз 2025ж

«Келісемін»
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Т.Тастаева
« 29 » тамыз 2025ж

“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасын
2025-2026 оқу жылында жүзеге асыруға арналған
тәрбие жұмысының жоспары
Сыныбы: 5 «А»
Сынып жетекші: Сламқалиева А.М.



«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында «Біртұтас тәрбие»бағдарламасының атауын «Адал азамат» деп өзгерту туралы шешім қабылдады.(бұдан әрі – Бағдарлама). Бағдарлама бұған дейін іске асырылған бастаманың толыққанды жалғасы болып табылады. Бағдарламаның түпкі мақсаты «Адал азамат» тұжырымдамасының идеалдарына сай, патриоттық рухта тәрбиеленген,білімді әрі жасампаз ұрпақты қалыптастыру.

Жаңа оқу жылында тәрбие жұмысы МЖМББС сәйкес айқындалған 6 негізгі 6құндылық негізінде ұйымдастырылады.

Бағдарлама мазмұнына сәйкес ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

- **Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;**
- **Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы;**
- **Қараша – әділдік және жауапкершілік айы;**
- **Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;**
- **Қаңтар – заң және тәртіп айы;**
- **Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;**
- **Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;**
- **Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;**
- **Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.**
- **Маусым – жасампаздық және жаңашылдық айы;**
- **Шілде – заң және тәртіп айы;**
- **Тамыз – заң және тәртіп айы.**

2024–2025 оқу жылының қорытынды сауалнамасының нәтижесіне сәйкес, жаңа оқу жылында Бағдарлама аясында ұсынылған 6 әлеуметтік жоба мен алдын алу шаралары бойынша жұмысты күшейту ұсынылады.

Жүзеге асырылуға ұсынылған жобалар:

- «Қамқор» – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Ұшқыр ой алаңы» – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Smart bala» – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.
- «Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды (кесте-9):

9-кесте. Тәрбие процесінің жүйелі ұйымдастырылуы

1 «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру (асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.)

«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарда орналастырылады

2 «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті жеке әңгімелесуі

«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу

3. Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

Білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениеті мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған сынып сағаттарын ұйымдастыру 4 «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

• Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
• Буллингтен қорған!
• Ойынға салауатты көзқарас;
• Өмірге салауатты қадам;
• Қоғамдық мүлікті қорға!
• Қауіпсіз қоғам.

«ДОСБОЛІКЕ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЕНДІРУ ТУРАЛЫ

Жобаның мақсаты: Қазақстан Республикасындағы орта білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алуға бағытталған кешенді жүйені іске асыру.

Іске асырудың негізгі қадамдары:

1. Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту.
2. Мектептік буллингке қарсы команда құру.
3. Қақтығыс болуы мүмкін аймақтарды бейнебақылау жүйелерімен жабдықтау
(мүмкін болған жағдайда).
4. Педагогикалық ұжымға түсіндіру семинарларын өткізу.
5. Іс-шараларды тәрбие жұмысы жоспарына енгізу.
6. Әлеуметтік-психологиялық ахуалды диагностикалау жұмысын жүргізу.
7. Мамандардың біліктілігін арттыру.
8. Қызметкерлерге әрекет ету алгоритмдері жөнінде нұсқаулық беру.
9. Білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын және эмоциялық интеллектін қалыптастыру.
10. ППҚО-да ата-аналарға арналған сабақтар өткізу.
11. Әлеуметтік ахуалға тұрақты мониторинг жүргізу.

5- сыныптардың сынып сағаттарының жұмыс жоспары				
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы **1 қыркүйек** – «Білім күні» **5 қыркүйек** – Қазақстан халқы тілдері күні **Қыркүйектің екінші жексенбісі** – Отбасы күні **Қыркүйектің үшінші жексенбісі** – Аналар күні **Қыркүйектің соңғы жексенбісі** – Еңбек күні				
№	**Тәрбие құндылықтары бойынша іс- шара тақырыптары**	**Аяқтау нысаны**	**Жауаптылар**	**Орындау мерзімі**
I тоқсан				
1-апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев) **02-05.09.2025ж.**				
1	1 қыркүйек -Білім күні. **«Мектебім – мейірім мекені!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 1-САБАҚ:** *5- сыныптар:* «Төтенше нөмірлер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**02.09.25ж.**
2-апта дәйексөзі: Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім! **08-12.09.2025ж.**				
2	**«Ана – отбасының шамшырағы»** / «Біздің қала (кент), аудан.» **ЖЖЕ №1** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 2-САБАҚ:** *5- сыныптар:* «Мектептегі қауіпсіздік ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**08.09.25ж.**
3-апта дәйексөзі: Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! (Абай) **15-19.09.2025ж.**				
3	**«ДОСБОЛЛІКЕ»** **«Буллингтен қорған! »** **«Қорқыныш сезімі- дос па әлде жау ма?»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 3-САБАҚ:** *5- сыныптар:* «Үйге қауіпсіз оралу: қолайсыз ауа- райында не істек керек?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**15.09.25ж.**
4-апта дәйексөзі: Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы.(Абай) **22-26.09.25ж.**				
4	**«Еңбек етсең емерсің»**	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**23.09.25ж.**

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут) **№ 4-САБАҚ** *5- сыныптар:* «Қақтығыс жағдайындағы қарапайым қадамдар			
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық **1 қазан** – Халықаралық қарттар күні **5 қазан** – Мұғалімдер күні **24 қазан** – Кітапханашылар күні **25 қазан** – Республика күні				
1-апта дәйексөзі: Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың! **29.09-03.10.25ж.**				
5	**«Қария – елдің тірегі, ұрпақтың жүрегі»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 5-САБАҚ** *5 -сыныптар :* «Әлеуметтік желілер: негізгі қауіпсіздік ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**29.09.25ж.**
2-апта дәйексөзі: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас! **06-10.10.25ж.**				
6	**«Жол-көлік оқиғаларының себептері» ЖЖЕ №2 / «Ұстаз – ұлы тұлға»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 6-САБАҚ** *5 -сыныптар:* «Қауіпті сынақтар (Челленждер)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**06.10.25ж.**
3-апта дәйексөзі: Отанды сүю – отбасынан басталады! **13-17.10.25ж.**				
7	**«Ойынға салауатты көзқарас»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 7-САБАҚ** *5- сыныптар:* «Көшедегі қауіпті заттардан қалай аулақ болуға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**13.10.25ж.**
4-апта дәйексөзі: Отаным – алтын бесігім! **20-24.10.25ж.**				
8	Ұлттық мереке 25 қазан – «Республика күні **«Қазақ елі менің - Отаным»**	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**20.10.25ж.**

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут) **№ 8-САБАҚ** *5- сыныптар:* «Қауіпсіз ашық ойын алаңының ережелері»			
II тоқсан				
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы **15 қараша** – «Ұлттық валюта» теңге күні **16 қараша** – Халықаралық толеранттылық күні				
1-апта дәйексөзі: Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым! **<u>03-07.11.25ж.</u>**				
9	**«Адал азамат»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 9-САБАҚ** *5 –сыныптар: «*Денсаулықты сақтайтын әдеттер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**03.11.25ж.**
2-апта дәйексөзі: Тура биде туған жоқ! **<u>10-14.11.25ж.</u>**				
10	**15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні** **«Теңге – тәуелсіздіктің тірегі»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 10-САБАҚ** *5 -сыныптар :* «Бейтаныс адамның шақыруынан қалай сенімді және қауіпсіз бас тартуға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**10.11.25ж.**
3-апта дәйексөзі: Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі **<u>17-21.11.25ж.</u>**				
11	**<u>«ДОСБОЛЛІКЕ»</u>** **«Буллингтен қорған! »** **<u>«Өзімізді басқаруды үйренеміз»</u>** **«Жол таңбаларының мақсаты» ЖЖЕ№3** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 11-САБАҚ** *5- сыныптар:* «Төтенше нөмірлер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**17.11.25ж.**
4-апта дәйексөзі: Әділетте берік болсаң аяғың таймайды! **<u>24-28.11.25ж.</u>**				
12	**«Энергияны үнемдеу – экологияны қорғау»**	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**24.11.25ж.**

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут) **№ 12-САБАҚ** *5- сыныптар:* «Мектептегі қауіпсіздік ережелері»			
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы **5 желтоқсан** – Дүниежүзілік Еріктілер күні **16 желтоқсан** – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1-апта дәйексөзі: Бірлігі күшті ел озады **01-05.12.25ж.**				
13	**«Қоғамдық мүлікті қорға!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 13-САБАҚ** *5- сыныптар:* «Үйге қауіпсіз оралу: қолайсыз ауа- райында не істек керек?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**02.12.25ж.**
2-апта дәйексөзі: Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді **08-12.12.25ж.**				
14	**«Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл (24.12.1910–10.06.1982).»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 14-САБАҚ** *5- сыныптар:* «Қақтығыс жағдайындағы қарапайым қадамдар	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**08.12.25ж.**
3-апта дәйексөзі: Бірлік болмай тірлік болмас **15-19.12.25ж.**				
15	***«Тәуелсіздік* – теңдесі жоқ байлығым»/** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 15-САБАҚ** *5- сыныптар:* «Әлеуметтік желілер: негізгі қауіпсіздік ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**15.12.25ж.**
4-апта дәйексөзі: Ынтымақ – бұзылмайтын қорған **22-26.12.25ж.**				
16	**«Жаңа жылдық тарту»** **/ «Қосымша секциялары бар бағдаршам**	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**22.12.25ж.**

	белгілері» ЖЖЕ №4 *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 16- САБАҚ** *5- сыныптар:* «Қауіпті сынақтар (Челленждер)			
III тоқсан				
Қаңтар – заң және тәртіп айы **1 қаңтар** – Жаңа жыл				
2-апта дәйексөзі : Талап бар жерде тәртіп бар **12-16.01.26ж.**				
17	**«Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 17-САБАҚ** *5 -сыныптар:* «Көшедегі қауіпті заттардан қалай аулақ болуға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**12.01.26ж.**
3-апта дәйексөзі : Тәртіп – тәрбие бастауы **19-23.01.26ж.**				
18	**«ДОСБОЛЫҚ»** **«Буллингтен қорған! »** **"Сенімділік-сәттіліктің кепілі"** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 18- САБАҚ** *5 -сыныптар:* «Қауіпсіз ашық ойын алаңының ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**19.01.26ж.**
4-апта дәйексөздері: Әділет жолы- адал жол **26-30.01.26ж.**				
19	**«Заңды білу – өз құқығыңды қорғау»** **«Реттеушінің белгілері» ЖЖЕ №5** Қауіпсіздік сабағы (10 минут) **№ 19- САБАҚ** *5- сыныптар:* «Денсаулықты сақтайтын әдеттер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**26.01.26ж.**
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық **14 ақпан** – Халықаралық кітап сыйлау күні **Ақпанның бірінші сейсенбісі** – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				
1-апта дәйексөзі: Жасампаздық – бәрімізге өнеге **02-06.02.26ж.**				
20	«4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» **«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»**	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**02.02.26ж.**

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут) **№ 20-САБАҚ** *5 сыныптар :* «Бейтаныс адамның шақыруынан қалай сенімді және қауіпсіз бас тартуға болады?»			
2-апта дәйексөзі: Шығармашыл бала – ойлы бала 9-13.02.26ж.				
21	**«Лудомания»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут*) **№ 21-САБАҚ** *5- сыныптар:* «Төтенше нөмірлер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**9.02.26ж.**
3-апта дәйексөзі: Өнерлі бала - өрге жүзер 16-20.02.26ж.				
22	**Қауіпсіз қоғам / «Жол белгілері және олардың мақсаты» ЖЖЕ №6** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 22-САБАҚ** *5- сыныптар:* «Мектептегі қауіпсіздік ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**16.02.26ж.**
4-апта дәйексөзі: Жаңашылдық – заман талабы 23-27.02.26ж.				
23	**«Қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл (1846–1945)»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 23-САБАҚ** *5 -сыныптар:* «Үйге қауіпсіз оралу: қолайсыз ауа- райында не істек керек?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**23.02.26ж.**
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы **1 наурыз** – Алғыс айту күні **8 наурыз** – Халықаралық әйелдер күні **21, 22, 23 наурыз** – Наурыз мерекесі **30 наурыз** – Дүниежүзілік Жер күні				
1-апта дәйексөзі: Патриотизм – ата-анаңды құрметтей білуің...(Б.Момышұлы) 02-06.03.26ж.				
24	**«Алғыс айту – рухани байлық»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**02.03.26ж.**

	№ 24-САБАҚ *5- сыныптар:* «Қақтығыс жағдайындағы қарапайым қадамдар			
2-апта дәйексөзі: Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік 9-13.03.26ж.				
25	**«Бәрінен биік ана жүрегі»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* № 25- **САБАҚ** *5 –сыныптар:* «Әлеуметтік желілер: негізгі қауіпсіздік ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**9.03.26ж.**
3-апта дәйексөзі: Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады 16-20.03.26ж.				
26	**«Наурыз – жыл басы»** **«ЖҚЕ негізгі түсініктері мен терминдері»** **ЖЖЕ №7** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 26- САБАҚ** *5- сыныптар :* «Қауіпті сынақтар (Челленждер)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**16.03.26ж.**
IV тоқсан				
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы **2 сәуір** – Халықаралық балалар кітабы күні **7 сәуір** – Дүниежүзілік денсаулық күні **12 сәуір** – Ғарышкерлер күні **15 сәуір** – Халықаралық мәдениет күні **18 сәуір** – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні **23 сәуір** – Ұлттық кітап күні				
1-апта дәйексөзі: Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең 30.03-03.04.26ж.				
27	**2 сәуір** – Халықаралық балалар кітабы күні **«Кітап – рухани қазына»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* № 27- **САБАҚ** *5 -сыныптар:* «Көшедегі қауіпті заттардан қалай аулақ болуға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**30.03.26ж.**
2-апта дәйексөзі: Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап. (Абай) 06-10.04.26ж				

28	**«7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні Өмірге салауатты қадам» / «Жүргізуші еңбегінің ерекшеліктері және оның негізгі міндеттері. Заманауи көлік – жоғары қауіптілік аймағы. Қоғамдық көлік» ЖЖЕ №8** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 28-САБАҚ** *5 –сыныптар:* «Қауіпсіз ашық ойын алаңының ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**10.04.26ж.**
3-апта дәйексөзі: Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді. (Леонардо да Винчи) 13-17.04.26ж.				
29	**12 сәуір** – Ғарышкерлер күні **«Байқоңырдан басталған сапар»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№29-САБАҚ** *5- сыныптар :* «Денсаулықты сақтайтын әдеттер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**13.04.26ж.**
4-апта дәйексөзі: Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар 20-24.04.26ж.				
30	**«ДОСБОЛІКЕ»** **«Буллингтен қорған! »** **«Мен жетістікке жетемін»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 30-САБАҚ** *5- сыныптар:* «Бейтаныс адамның шақыруынан қалай сенімді және қауіпсіз бас тартуға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**20.04.26ж.**
5-апта дәйексөзі: Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер 27.04-01.05.2026ж.				
31	**1 мамыр** – Қазақстан халықтарының бірлігі күні **"Бірлігі жарасқан ел – мәңгі ел"** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 31-САБАҚ:** *5- сыныптар:* «Төтенше нөмірлер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**27.04.26ж.**
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы				

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні **7 мамыр** – Отан қорғаушылар күні **9 мамыр** – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні **15 мамыр** – Халықаралық отбасы күні **18 мамыр** – Халықаралық мұражайлар күні **31 мамыр** – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
1-апта дәйексөзі: Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ 06-08.05.26ж.				
32	**9 мамыр** – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні **«Жарақаттанғанда, жаралап алғанда алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану» ЖЖЕ №9** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 32-САБАҚ** *5- сыныптар:* «Мектептегі қауіпсіздік ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**06.05.26ж.**
2-апта дәйексөзі: Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ 11-15.05.26ж.				
33	**«Отбасы – бақыт мекені» /Велосипедте жүру. ЖЖЕ №10** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 33-САБАҚ** *5- сыныптар:* «Үйге қауіпсіз оралу: қолайсыз ауа- райында не істек керек?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**11.05.26ж.**
3-апта дәйексөзі: Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би) 18-22.05.26ж.				
34	**«Білімім – Отаныма!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 34-САБАҚ** *5- сыныптар :* «Қақтығыс жағдайындағы қарапайым қадамдар	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**18.05.26ж.**

2025-2026 оқу жылындағы «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫНА сәйкес 5 «А» сыныбында жоспар бойынша атқарылған жұмыстардың анықтамалығы.

2025 жылдың 2 қыркүйек күні «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Іс-шараға сынып оқушылары түгелімен қатысып,өздерінің белсенділіктерімен ерекшеленді. Сабақ барысында оқушылар Қазақстан Республикасының тарихы,жері,тәуелсіздік жолындағы жетістіктері,Елбасының еңбегі және қазіргі Президенттің саясаты туралы кеңірек мағлұмат алды. Мемлекеттік рәміздердің мәні мен маңызы түсіндіріліп,Тәуелсіздік,Бірлік,Татулық ұғымдары жан-жақты ашылды. Оқушылар Отан туралы өлеңдер оқып,мақал-мәтелдер айтып,бейнеролик көріп,туған жерге деген сүйіспеншіліктерін жүрекжарды сөздерімен білдірді. Сонымен қатар,Қазақстанның табиғи байлығы мен әсем көріністері жайында әңгімелеп,өз еліне деген мақтаныштарын көрсетті. Сынып сағаты барысында оқушылардың бойында патриоттық сезім,ұлттық құндылықтарды құрметтеу,туған жерін қастерлеу сияқты қасиеттер қалыптасты. Іс-шара өте мазмұнды,тәрбиелік мәні жоғары деңгейде өтті.





2025 жылдың 8 қыркүйегінде 5 «А» сыныбында «Отбасындағы сыйластық»тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Сабақтың негізгі мақсаты –Оқушыларға отбасының адам өміріндегі маңызын түсіндіру,ұлттың негізгі тірегі саналатын отбасы құндылықтарын дәріптеу,сыйластық,мейірімділік,жауапкершілік сынды қасиеттерді қалыптастыру.Сынып сағаты оқушыларды қызықтыратын психологиялық сергіту ойынымен басталды. «Жылы сөздер тізбегі»әдісі арқылы әр оқушы ата-анасына немесе үйіндегі отбасы мүшесіне айтатын жылы лебізін ортаға салды. Бұл балаларлың көңіл -күйін көтеріп,сабаққа жағымды атмосфера қалыптастырды.Келесі кезеңде мұғалім оқушыларға «Отбасындағы ата-ананың рөлі» атты бейнежазба көрсетілді.Бейнежазбада ата-аналардың қадір қасиетіне жететіндей өмірдегі шындықтарды көрсетілген.Балалардың ата-аналарына жасауы керек міндеті жайлы сөз етілген. Бейнежазбадан соң,оқушылар өз ойларын ортаға салды. Топтық жұмыс жасау барысы, «Ата-ананың еңбегі», «Баланың көмегі» тақырыптары берілді. Сол

топтық жұмыс барысында оқушылар үйлерінде жасайтын игі істерін, көмектерін бөлісті. Тыйым салынған сөздер арқылы, жауапкершілігі жоқ бала болудың алдын алу мақсатында ойларымен бөлісті.





2025 жылдың 15 қыркүйегінде 5 «А» сыныбында «Буллингтен қорған!»тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Сабақтың негізгі мақсаты –оқушыларды буллинг ұғымымен таныстыру,оның түрлері мен зардаптарын түсіндіру,сондай-ақ оқушыларды өзара сыйластық пен жауапкершілікке тәрбиелеу болды. Сабақ басында мұғалім «Жылы сөздер шеңбері»әдісін ұйымдастырып,оқушылар бір-біріне жақсы тілектер айтты.Бұл олардың сабаққа белсенді әрі жағымды көңіл күйімен қатысуына ықпал етті.Келесі кезеңде оқушыларға «Буллинг дегеніміз не?»тақырыбына түсіндіру жұмысы жүргізілді. Бейнеүзінді көрсетіліп,буллингтің түрлері (вербальды,физикалық,кибербуллинг)талқыланды. Әр оқушы өз ойымен бөлісіп,өмірден мысалдар келтірді.Топтық тапсырма барысында оқушылар үш топқа бөлініп, «Буллингтің зардаптары», «Көрерменнің рөлі», «Қорғану жолдары» тақырыптарын постер арқылы бейнелеп,өз жұмыстарын қорғады. Жасалған жұмыстарды ортаға талқылап,бір-бірінің ойларын толықтырды. «Сен қандай кейәпкерсің?» атты рольдік ойын арқылы әр оқушы өзін «қорғаушы», «құрбан» немесе «көрермен» рөлінде елестетіп,қысқа сахналық көрініс көрсетті. Бұл тапсырма оқушыларды жанашырлыққа,әділдікке және батылдыққа тәрбиеледі. Сабақтың соңында «Жүректен жүрекке»әдісі қолданылды. Әр оқушы стикерлерге қысқаша тілек жазып,достарына жылы лебіздер сыйлады.







2025 жылдың 22 қыркүйегінде 5 «А» сыныбында «Қақтығыс жағдайындағы қарапайым қадамдар»тақырыбында сынып сағаты өтілді. Бұл сынып сағатының мақсаты – оқушыларға күнделікті өмірде туындайтын жанжалдар мен түсініспеушіліктерді мәдениетті түрде шешудің тиімді жолдарын үйрету. Сабақ барысында оқушылар қақтығыс ұғымымен танысып, оны басқарудың қарапайым және қауіпсіз әдістерін меңгереді.

Негізгі мазмұны:

1. Қақтығыстың себептері – түсінбеушілік, эмоциялар, қызығушылықтардың сәйкес келмеуі.
2. Қауіпсіз мінез-құлық дағдылары – тыныш сөйлеу, өз ойыңды дұрыс жеткізу, қарсы тарапты тыңдай білу.
3. Қақтығысты шешудің қарапайым қадамдары:

- жағдайды бағалау;
- эмоцияларды бақылау;

- «Мен-хабарламаларын» қолдану;
- ортақ шешім іздеу;
- қажет болса, үлкендерден көмек сұрау.

4. Сыйластық пен құрметті сақтау – дауды ушықтырмаудың ең тиімді жолы.

Сабақтың нәтижесінде оқушылар дау-дамайдан қауіпсіз шығуды, өзара түсіністі күшейтуді және бейбіт коммуникация дағдыларын қолдануды үйренеді.

2025 жылдың 29 қыркүйегінде «Әлеуметтік желілер:негізгі қауіпсіздік ережелері»тақырыбында сынып сағаты өтілді. Бұл сынып сағатының мақсаты – оқушыларды әлеуметтік желілерді дұрыс пайдалану мәдениетімен таныстыру және онлайн ортада жеке қауіпсіздікті сақтаудың маңызды ережелерін үйрету. Сабақ барысында оқушылар желідегі тәуекелдер, киберқауіптер және олардан қорғану тәсілдері туралы білім алады.

Негізгі мазмұны:

1. Әлеуметтік желілердегі қауіп түрлері: жалған ақпарат, кибербуллинг, бөтен адамдардан хабарламалар, фишинг, жеке мәліметтердің таралуы.
2. Жеке ақпаратты қорғау: жеке деректерді жарияламау, аккаунт құпиялылығын баптау, берік құпиясөз қолдану.
3. Қауіпсіздік ережелері:

- белгісіз сілтемелерді ашпау;
- бейтаныс адамдармен жеке ақпарат бөліспеу;
- фото/видео жарияламас бұрын оның салдарын ойлау;
- аккаунтты екі факторлы қорғаумен қамтамасыз ету;
- күдікті әрекеттерді ата-анаға немесе мұғалімге хабарлау.

4. Онлайн әдеп (нетикет): құрметпен жазу, кемсітуге жол бермеу, дау-дамайға араласпау.

Оқушылар әлеуметтік желілерді қауіпсіз әрі мәдениетті түрде қолдануды үйренеді, жеке деректерді қорғаудың маңызын түсінеді және интернеттегі өз әрекеттері үшін жауапкершілікті сезінеді.







10 қараша 2025 күні 5 «А» сыныбында «15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні» тақырыбында танымдық сынып сағаты өткізілді. Сабақтың мақсаты: оқушыларға ұлттық валютаның шығу тарихы, экономикалық тұрақтылықтағы рөлі және қаржылық мәдениетті қалыптастырудың маңызын түсіндіру болды. Сабақ барысында мұғалім теңгенің енгізілу күні, алғашқы банкноттар, ұлттық валюта тәуелсіздіктің маңызды белгілерінің бірі екендігі жөнінде мазмұнды ақпарат берді. Оқушылар «Ұлттық валюта бізге не береді?» деген сұрақ төңірегінде пікір білдіріп, өз ойларын ортаға салды. «Ақша айналымы» шағын ойыны арқылы оқушылар теңгенің күнделікті өмірдегі қажеттілігін талдап, қаржыны дұрыс басқарудың қарапайым қағидаларымен танысты. Сабақ соңында оқушылар ұлттық рәміздерге құрметпен қарау және қаржылық сауаттылықты арттыру жөнінде қорытынды жасады. Сынып сағаты жоспарға сай өткізіліп, оқушылардың экономикалық түсінігін кеңейтуге ықпал етті.




24 қараша 2025 күні 5 «А» сыныбында «Біз-сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз » Қауіпсіздік сабағы тақырыбында 10 минуттық қауіпсіздік сабағы өткізілді. Сабақтың мақсаты: оқушыларға сыбайлас жемқорлықтың зияны мен алдын алудың маңызын түсіндіру, адалдық пен әділдік құндылықтарына тәрбиелеу, күнделікті өмірде қауіпсіз және заңға бағынатын әрекеттер жасауға бағыт беру болды. Сабақ барысында сынып жетекшісі сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізер кері әсері туралы қысқаша ақпарат беріп, оқушылармен әділдікке қатысты жағдаяттық сұрақтарды талқылады. «Адалдық — қауіпсіз орта» қағидасы негізінде оқушыларға мектепте және қоғамдық орындарда ережені бұзбай, заңсыз әрекеттерге жол бермеудің маңызы түсіндірілді.Оқушылар әділдік пен жауапкершілік арқылы қоғамда сенімнің қалыптасатынын мысалдар арқылы айтып, дұрыс таңдау мен заңға бағыну қауіпсіздікпен тығыз байланысты екенін талқылады. Қысқа форматтағы қауіпсіздік ережелері мен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жолдары ұсынылып, оқушылардың ой-пікірі тыңдалды. Сабақ мақсатқа сай ұйымдастырылып, оқушылардың азаматтық жауапкершілігін арттыруға ықпал етті.



2025 жылдың 1 желтоқсанында 5 «А» сыныбында «Үйге қауіпсіз оралу:қолайсыз ауа-райында не істеу керек?» тақырыбында сынып сағаты өтілді. Сынып сағатының негізгі міндеттері

1. Қолайсыз ауа райында (көктайғақ, боран) жаяу жүргіншілерге арналған **қауіпсіздік ережелерін** таныстыру.
2. Найзағай және дауылды жел кезінде **көшедегі қауіпті орындардан** (электр сымдары, биік ағаштар, жарнама қалқандары) аулақ болуды үйрету.
3. Төтенше жағдай туындаған кездегі **әрекет алгоритмін** және **жедел қызметтердің телефон нөмірлерін** (101, 102, 103, 112) қайталау.
4. Сырт киімде **жарық шағылыстырғыш (рефлекторлық) элементтердің** маңыздылығын түсіндіру.

- **Талқылау:** Ауа райының қауіпті құбылыстарына байланысты оқушылардың басынан өткен жағдайларды талқылау.
- **Ойын-жаттығу:** «Егер... не істейсің?» сұрақтарына жауап беру (Мысалы: *Көктайғақта құлап бара жатсаң, не істейсің?* немесе *Қатты желден ұшып кеткен заттан қалай қорғанасың?*).
- **Бейнематериал:** Қауіпсіздік ережелері туралы қысқа бейнеролик көрсету.
- **Кейс-стади:** Қиын жағдайлардан шығудың қауіпсіз жолдарын ұсыну.

Оқушыларға түсініктеме жұмыстары жүргізіліп,сенім телефондары ұсынылды.

2025-2026 оқу жылындағы «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫНА сәйкес 5 «А» сыныбында жоспар бойынша атқарылған жұмыстардың анықтамалығы.

2026 жылдың 12 қаңтарында 5 «А» сыныбында «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Шараға сынып оқушылары толық қатысып, жоғары қызығушылық пен белсенділік танытты.

Тәрбие сағатының негізгі міндеті – білім алушыларға сыбайлас жемқорлықтың мәнін олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес түсіндіру, сондай-ақ адалдық, әділеттілік және жауапкершілік секілді рухани-адамгершілік құндылықтарды дәріптеу болды. Іс-шара барысында оқушылар заң талаптарын құрметтеудің маңызын ұғынып, қоғамдағы парасатты азаматтың орны мен жауапкершілігі туралы түсініктерін кеңейтті.

Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлықтың қоғам дамуына тигізетін зияны күнделікті өмірден алынған мысалдар арқылы түсіндірілді. Пікір алмасу барысында оқушылар өз ойларын ортаға салып, сұрақтарға жауап беріп, белсенді қатысуымен ерекшеленді.

Өткізілген тәрбие сағаты оқушылардың бойында шынайылықты, еңбексүйгіштікті және әділдік қағидаттарын қалыптастыруға бағытталды. Нәтижесінде білім алушылардың құқықтық мәдениеті артып, азаматтық ұстанымдары мен жауапкершілік сезімдері нығая түсті.



2026 жылдың 19 қаңтарында 5 «А» сыныбында «Буллингтен қорған!» тақырыбында тәрбиелік іс-шара өткізілді. Шараның басты мақсаты – оқушыларға буллингтің мәні мен салдарын түсіндіру, оның алдын алу жолдары туралы мағлұмат беру және өзара құрмет пен сыйластыққа негізделген қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру болды.

Іс-шара барысында білім алушылар буллингтің негізгі түрлері жөнінде ақпарат алып, мұндай келеңсіз әрекеттердің жеке тұлғаға тигізетін кері әсерлері туралы өзара пікір алмасты. Сонымен қатар, тәжірибелік тапсырмалар, түрлі жағдаяттарды талдау және талқылау жұмыстары ұйымдастырылып, оқушылар белсенді қатысып, өз ойларын ашық жеткізді.

Тәрбие сағатының қорытындысында оқушылар достық қарым-қатынастың, өзара қолдаудың және қауіпсіз ортаны сақтаудың маңыздылығын түсінді. Сондай-ақ күрделі жағдайларда сенімді адамдардан көмек сұрау мен өзгелерге жанашырлық танытудың қажеттілігі туралы түсініктерін кеңейтті.

Өткізілген іс-шара оқушылардың құқықтық және адамгершілік мәдениетін дамытуға ықпал етіп, өз мақсатына толықтай жетті.



2026 жылдың 26 қаңтарында 5 «А» сыныбында «Заң және тәртіп» құндылығы аясында «Реттеушінің белгілері» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – білім алушылардың жол қозғалысы мәдениеті туралы түсініктерін қалыптастыру, реттеуші белгілерінің маңызы жөнінде жан-жақты ақпарат беру және қауіпсіздік талаптарын күнделікті өмірде сақтауға баулу болды.

Тәрбие сағаты барысында оқушылар реттеушінің шартты белгілерімен танысып, олардың жол қозғалысын ұйымдастырудағы қызметі мен рөлі жөнінде мағлұмат алды. Сонымен қатар жаяу жүргіншілер мен көлік жүргізушілерінің міндеттері мен жауапкершіліктері туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Танымдық тапсырмалар, жағдаяттық ойындар және сұрақ-жауап кезеңдері ұйымдастырылып, оқушылар белсенділік танытты.

Іс-шара қорытындысында білім алушылар заң талаптары мен қоғамдық тәртіпті сақтаудың маңыздылығын ұғынып, жол қауіпсіздігіне қатысты білімдерін жетілдірді. Тәрбие сағаты мазмұнды әрі тәрбиелік мәні жоғары деңгейде өткізілді.

2026 жылдың 2 ақпанында 5 «А» сыныбында «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды.

Сынып сағатының негізгі мақсаты – оқушылардың ақпараттық сауаттылығын дамыту, интернет кеңістігіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру және цифрлық мәдениетті қалыптастыру болды.

Іс-шара барысында білім алушылар ғаламторды қауіпсіз пайдалану қағидалары, жеке деректерді қорғау жолдары, әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас әдебі және жалған ақпаратты ажырата білу мәселелері бойынша маңызды мәліметтермен танысты. Сонымен қатар киберқауіптердің алдын алу және интернеттегі қауіпсіздік талаптарын сақтау жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Пікір алмасу, сұрақ-жауап және тәжірибелік жағдаяттарды талдау арқылы оқушылар өз білімдерін толықтырып, жаңа ақпараттар алды.




2026 жылдың 16 ақпанында 5 «А» сыныбында «Қауіпсіз қоғам. Жол белгілері және олардың мақсаты» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – білім алушылардың жол қозғалысы қауіпсіздігі туралы білімдерін жетілдіру, жол белгілерінің түрлері мен атқаратын қызметтері жөнінде жан-жақты мағлұмат беру, сондай-ақ қоғамдық орындарда және көшеде қауіпсіз жүріс-тұрыс мәдениетін қалыптастыру болды.

Тәрбие сағаты барысында оқушылар жол қозғалысын реттеуде қолданылатын негізгі жол белгілерімен танысты. Оларға ескерту, тыйым салу, міндеттеу, ақпараттық-көрсеткіш және қызмет көрсету белгілерінің ерекшеліктері түсіндірілді. Әрбір белгінің мағынасы мен күнделікті өмірдегі маңызы нақты мысалдар арқылы талданды. Сонымен қатар оқушылар жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат алып, жол ережелерін сақтаудың адам өмірі мен денсаулығын қорғаудағы рөліне тоқталды.

Іс-шара барысында танымдық тапсырмалар, суреттермен жұмыс, жағдаяттық сұрақтар және топтық талқылаулар ұйымдастырылды. Оқушылар түрлі жол жағдайларына байланысты өз пікірлерін білдіріп, қауіпсіз әрекет ету жолдарын ұсынды. Сұрақ-жауап кезеңінде білім алушылар жол белгілерін ажырату бойынша білімдерін көрсетіп, белсенділік танытты.

Сондай-ақ тәрбие сағатында жол-көлік оқиғаларының алдын алу, көшеде және мектеп маңында қауіпсіз жүру ережелері, қоғамдық көлікте өзін ұстау мәдениеті жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылар қауіпсіздік талаптарын сақтаудың әр адамның азаматтық жауапкершілігінің бір бөлігі екенін түсінді.

Іс-шара қорытындысында білім алушылар жол белгілерін дұрыс танып-білу, жол қозғалысы ережелерін сақтау және қоғамдық қауіпсіздікке жауапкершілікпен қараудың маңызын терең ұғынды. Тәрбие сағаты оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, қауіпсіз өмір салтын ұстануға бағытталған маңызды тәрбиелік шаралардың бірі болды. Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, алға қойылған мақсаттар толық жүзеге асырылды.



2026 жылдың 2 наурызында 5 «А» сыныбында «Алғыс – ізгі ниет» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларға алғыс айтудың маңызын түсіндіру, үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық көрсетуге баулу, мейірімділік пен жанашырлық қасиеттерін дамыту, сондай-ақ адамгершілік құндылықтарды дәріптеу болды.


Тәрбие сағаты барысында білім алушылар алғыс айту мәдениеті, ризашылық сезімін білдірудің ерекшеліктері және адамдар арасындағы сыйластық қарым-қатынастың маңызы туралы өз ойларымен бөлісті. Оқушылар мейірімділік, қамқорлық, қайырымдылық және өзара көмек көрсету сияқты ізгі қасиеттердің қоғамдағы рөлі жөнінде пікір алмасты. Сонымен қатар түрлі танымдық тапсырмалар, шығармашылық жұмыстар, сұрақ-жауап және жағдаяттық талқылаулар ұйымдастырылып, оқушылар белсенділік танытты.

Сынып сағаты аясында оқушылар арасында «Жақсылық жасау – игі іс» тақырыбында әңгіме жүргізіліп, қайырымдылық жасаудың адам өміріндегі маңызы түсіндірілді. Оқушылардың бастамасымен қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, көмекке мұқтаж жандарға қолдау көрсету мақсатында игі істер атқарылды. Шара барысында оқушылар өз еріктерімен жинаған оқу құралдарын, киім-кешектерді және қажетті заттарды арнайы дайындалған қайырымдылық қоржынына тапсырды.

Сонымен қатар білім алушылар мектеп қызметкерлеріне, ардагер ұстаздарға және үлкен буын өкілдеріне алғыс хаттар мен жылы лебіздерін жолдап, құрмет көрсетті. Бұл іс-шара оқушылардың бойындағы жанашырлық, жауапкершілік және қамқорлық қасиеттерін дамытуға ықпал етті.

Тәрбие сағатының қорытындысында оқушылар алғыс айту мен қайырымдылық жасаудың қоғамдағы адамгершілік қарым-қатынасты нығайтатынын, адамдар арасында достық пен бірлікті қалыптастыратынын түсінді. Білім алушылар ізгі ниет білдірудің, ризашылық танытудың және өзгелерге қол ұшын созудың маңызын терең ұғынды.

Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, тәрбиелік мәні зор шаралардың бірі ретінде өз мақсатына толық жетті. Оқушылар белсенді қатысып, қайырымдылық пен алғыс айту мәдениетінің маңыздылығы туралы құнды түсініктер қалыптастырды.

2026 жылдың 16 наурызында 5 «А» сыныбында «Наурыз – жыл басы» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларға Наурыз мерекесінің шығу тарихын, ұлттық құндылықтар жүйесіндегі орнын және тәрбиелік маңызын таныстыру, халықтың салт-дәстүрлерін құрметтеуге баулу, сондай-ақ жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік, бірлік пен татулық қасиеттерін қалыптастыру болды.

Тәрбие сағаты барысында білім алушылар Наурыз мейрамының тарихымен, оның қазақ халқының мәдениетіндегі орны және ерекшеліктерімен танысты. Оқушылар көктемнің келуімен байланысты жаңару, береке-бірлік, татулық пен ізгілік ұғымдары туралы өз ойларын ортаға салып, ұлттық мерекенің қоғамдағы маңызын талқылады. Сонымен қатар ұлттық салт-дәстүрлердің тәрбиелік мәні жөнінде пікір алмасып, олардың ұрпақ тәрбиесіндегі рөліне тоқталды.

Іс-шара барысында оқушылар Наурыз мерекесіне қатысты мақал-мәтелдер айтып, танымдық тапсырмалар орындады және шығармашылық жұмыстарға белсенді қатысты. Ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға байланысты сұрақтарға жауап беріп, өз білімдері мен танымдарын кеңейтті.

Тәрбие сағаты аясында Наурыз мерекесіне арналған ақ дастархан ұйымдастырылды. Сынып оқушылары ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында қазақ халқының дәстүрлі тағамдарын әкеліп, мерекелік дастархан жайды. Дастарханнан наурыз көже, бауырсақ, құрт, ірімшік және басқа да ұлттық тағам түрлері орын алды. Оқушылар ұлттық тағамдардың дайындалу ерекшеліктері мен олардың маңызы туралы мәліметтермен бөлісіп, ақ дастархан басында мерекелік көңіл күйде әңгіме-дүкен құрды. Сонымен қатар бір-біріне ақжарма тілектерін айтып, татулық пен достықтың маңызын дәріптеді.

Мерекелік шара барысында «Жақсылық пен татулықтың мерекесі» атты қайырымдылық бастамасы да ұйымдастырылды. Оқушылар өз еріктерімен әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға көмек көрсету мақсатында қайырымдылық акциясына қатысып, қажетті заттар мен оқу құралдарын жинауға атсалысты. Сондай-ақ мектеп қызметкерлеріне, ардагер ұстаздарға және үлкен буын өкілдеріне алғыс білдіріп, мерекелік құттықтауларын жеткізді. Бұл шара оқушылардың бойындағы мейірімділік, жанашырлық және қамқорлық қасиеттерін дамытуға ықпал етті.

Іс-шара соңында білім алушылар Наурыз мерекесінің мазмұны мен тәрбиелік мәнін терең түсініп, ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрлерді құрметтеудің маңызын ұғынды. Олар достықты, бірлікті, өзара сыйластықты бағалау туралы білімдерін толықтырып, халқымыздың рухани мұрасына деген құрметтерін арттырды.

Тәрбие сағаты жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға, адамгершілік құндылықтарын дамытуға және ұлттық дәстүрлерді насихаттауға бағытталған маңызды тәрбиелік іс-шаралардың бірі болды. Қойылған мақсаттар толық жүзеге асырылып, білім алушылар белсенділік пен қызығушылық танытты.





2026 жылдың 6 сәуірінде 5 «А» сыныбында «Жүргізуші еңбегінің ерекшеліктері және оның негізгі міндеттері. Заманауи көлік – жоғары қауіптілік аймағы» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушыларға жүргізуші мамандығының жауапкершілігі мен маңызын жан-жақты түсіндіру, жол қозғалысы қауіпсіздігі туралы білімдерін кеңейту және қоғамдық ортада қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын қалыптастыру болды.

Тәрбие сағаты барысында білім алушылар жүргізуші еңбегінің ерекшеліктерімен, оның күнделікті атқаратын міндеттерімен және жоғары жауапкершілікті талап ететін қызмет екендігімен танысты. Сонымен қатар заманауи көлік құралдарының қауіпсіздік талаптары, техникалық жағдайдың маңызы, жолдағы мұқияттылық пен тәртіптің рөлі туралы кеңінен түсіндірілді. Оқушыларға жаяу жүргіншілер мен жүргізушілердің құқықтары мен міндеттері, жол-көлік оқиғаларының негізгі себептері және олардың алдын алу жолдары жөнінде жан-жақты мәлімет берілді.

Іс-шара барысында көрнекілік материалдар, жағдаяттық тапсырмалар, сұрақ-жауап және пікір алмасу әдістері қолданылып, оқушылар өз ойларын еркін білдірді. Түрлі жол жағдайларына байланысты мысалдар қарастырылып, қауіпсіз шешім қабылдау жолдары талқыланды. Оқушылар белсенділік танытып, жолда өзін дұрыс ұстау мәдениеті туралы білімдерін ортаға салды.

Сынып сағаты аясында қауіпсіз көлік қозғалысын қамтамасыз етудегі әрбір азаматтың жауапкершілігі, тәртіп сақтау және бір-біріне құрмет көрсету мәдениеті туралы қосымша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылар көлік қозғалысы кезінде ұқыптылық пен сақтықтың адам өмірі үшін аса маңызды екенін ұғынды.

Іс-шара қорытындысында білім алушылар жол қозғалысы ережелерін сақтау, қауіпсіздік талаптарын қатаң орындау және көлік қозғалысына жауапкершілікпен қараудың қоғам үшін маңызды екендігін терең түсінді. Тәрбие сағаты мазмұнды әрі танымдық бағытта жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қойылған мақсаттарға толықтай қол жеткізілді.





2026 жылдың 20 сәуірінде 5 «А» сыныбында «Атадан өсиет – анадан қасиет» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларға отбасы тәрбиесінің мәнін ұғындыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге баулу және рухани-адамгершілік қасиеттерді дамыту болды.

Тәрбие сағаты барысында білім алушылар ата-ананың өнегесі, ата-бабадан қалған тағылымды сөздер мен ана тәрбиесінің бала тұлғасының қалыптасуындағы орны туралы кең көлемде мағлұмат алды. Сонымен қатар отбасылық құндылықтар, ұрпақ сабақтастығы, ұлттық дәстүрлер және адамгершілік қағидалар жөнінде пікір алмасу жүргізілді.

Оқушылар танымдық тапсырмалар орындап, мақал-мәтелдер айтып, шығармашылық жұмыстар арқылы өз ойларын жеткізді. Әрбір қатысушы отбасының қоғамдағы орны мен тәрбиелік маңызын өз көзқарасы арқылы сипаттады. Пікір алмасу барысында ата-анаға құрмет көрсету, отбасындағы бірлік пен сыйластықтың маңызы ерекше атап өтілді.

Қосымша ретінде отбасылық құндылықтарды насихаттау мақсатында шағын әңгіме-дебат ұйымдастырылып, оқушылар өз өмірлік мысалдарын келтірді. Бұл олардың ойлау қабілетін дамытып, рухани танымын кеңейтуге ықпал етті.

Іс-шара қорытындысында оқушылар отбасы – адам өмірінің басты тірегі екенін түсініп, ұлттық тәрбие мен адамгершілік құндылықтардың маңызын терең ұғынды. Тәрбие сағаты тәрбиелік мәні жоғары деңгейде өтіп, оқушылардың рухани дамуына оң әсерін тигізді.





2026 жылдың 11 мамырында 5 «А» сыныбында «Қауіпсіз қоғам» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, қоғамдық ортада дұрыс мінез-құлық дағдыларын дамыту және жауапкершілік сезімін арттыру болды.

Тәрбие сағаты барысында білім алушылар қауіпсіз қоғам ұғымының мәнімен танысып, күнделікті өмірдегі қауіпсіздік ережелерін сақтау жолдарын меңгерді. Қоғамдық орындарда, көшеде, мектеп аумағында және интернет кеңістігінде қауіпсіз әрекет ету тәсілдері жан-жақты түсіндірілді. Сонымен қатар төтенше жағдайлардың алдын алу, тәртіп сақтау, өзара сыйластық пен мәдени қарым-қатынас орнату туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.


Іс-шарада жағдаяттық тапсырмалар, топтық талқылау және сұрақ-жауап әдістері қолданылып, оқушылар белсенділік танытты. Әртүрлі өмірлік жағдайлар талданып, қауіпсіз шешім қабылдау жолдары қарастырылды. Оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, тәжірибелік мысалдар келтірді.

Қосымша түрде цифрлық орта мен қоғамдық орындардағы қауіпсіздік мәселелері де қамтылып, оқушыларға сақтық шаралары туралы кеңейтілген ақпарат берілді.

Іс-шара қорытындысында оқушылар қауіпсіз орта қалыптастыру әр адамның ортақ жауапкершілігі екенін түсініп, күнделікті өмірде қауіпсіздік талаптарын сақтаудың маңызын ұғынды. Тәрбие сағаты мазмұнды әрі тәрбиелік бағытта жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

2026 жылдың 18 мамырында 5 «А» сыныбында «Білімім – Отаныма!» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.





Іс-шараның мақсаты – оқушыларға білімнің құндылығын түсіндіру, білімге деген қызығушылықтарын арттыру және Отанға қызмет етудің маңызын ұғындыру болды.

Тәрбие сағаты барысында білім алушылар білім арқылы жетістікке жету жолдары, еңбекқорлық пен ізденімпаздықтың маңызы және ел дамуына үлес қосу жауапкершілігі туралы ой бөлісті. Оқушыларға отансүйгіштік, адал еңбек және мақсатқа ұмтылу құндылықтары кеңінен түсіндірілді.

Сұрақ-жауап, танымдық тапсырмалар және пікір алмасу жұмыстары ұйымдастырылып, оқушылар белсенді қатысты. Әрбір білім алушы өз ойларын ортаға салып, білімнің адам өміріндегі орнын нақты мысалдар арқылы сипаттады.

- Отан – әр адамның туып-өскен, кіндік қаны тамған жері.
- «Отан – оттан да ыстық».
- Әрбір оқушының Отан алдындағы борышы – жақсы оқу, үлгілі тәртіпті болу.

Ұлылардың өсиеті

- Бауыржан Момышұлы: *«Отансыз адам – ормансыз бұлбұл»*.
- Абай Құнанбайұлы: *«Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге»*.
- Негізгі ой: Білімді ұрпақ – елдің жарқын болашағы.

Білім Отаныма не үшін қажет?

- Еліміздің экономикасын көтеру үшін.
- Ғылым мен технологияны дамыту үшін.
- Қазақстанның атын әлемге танытатын білікті маман болу үшін.

Менің Отаным – Қазақстан

- Қазақстан – жер көлемі бойынша әлемде 9-шы орында.
- Еліміз табиғи байлықтарға, әсем табиғатқа бай.
- Мемлекеттік рәміздеріміз: Ту, Елтаңба, Әнұран – мақтанышымыз.

Менің Отаныма қосқан үлесім қандай?

- Терең білім алу.
- Сабақты жақсы оқу және тәртіпті болу.
- Мектептің, елдің намысын қорғау (спорттық, пәндік олимпиадалар арқылы).
- Тазалық сақтау, табиғатты аялау.

Қосымша ретінде «Менің болашақтағы білімім» тақырыбында шағын шығармашылық жұмыс жүргізіліп, оқушылар өз армандары мен мақсаттарын баяндады. Бұл олардың ынтасын арттырып, болашаққа деген сенімін нығайтты.

Білім туралы мақал-мәтелдер

- «Білім – таусылмас кеніш».
- «Оқу инемен құдық қазғандай».
- «Көп оқыған біледі, көп көрген біледі».

Қорытынды

- Тәуелсіз еліміздің тірегі – білімді жастар!
- «Елімнің келешегі – менің қолымда!».

Іс-шара қорытындысында оқушылар білімнің ел болашағын қалыптастыратын басты күш екенін түсініп, алған білімдерін Отан игілігі үшін пайдалану қажеттігін ұғынды. Тәрбие сағаты жоғары деңгейде ұйымдастырылып, тәрбиелік және танымдық мақсаттарға толық қол жеткізілді.





